

## "Алға ауданы Қорғаныс істері бөлімінің шақыру учаскесіне 1994 жылы туылған ер азаматтарды тіркеуге алу жұмысын жүргізу туралы"

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы № 6 шешімі. Ақтөбе облысы Алға ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 18 қаңтарда № 3-3-117 тіркелді. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімі аппаратының 2013 жылғы 22 ақпандағы № 05-1/419 хатымен.

**Ескерту. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімі аппаратының 2013.02.22 № 05-1/419 Хатымен.**

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 17 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33, 37 баптарына сәйкес Алға ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2011 жылдың қаңтар айы мен наурыз айы аралығында аудандық Қорғаныс істері бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеу, 2011 жылы он жеті жасқа толатын 1994 жылы туылған азаматтарды, сонымен қатар бұрын тіркеуден өтпеген тұрақты немесе уақытша Алға ауданы аумағында тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеу жүргізілсін. Шараларды орындауға қатысты шығындар жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

2. Тіркеу жөніндегі өзінің жұмысында әскери міндеттілік және әскери қызмет мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының, Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің № 498-2009 бұйрығын қатаң басшылыққа алсын.

3. Әскерге шақыруға дейінгілерді шақыру пунктіне тіркеу жөніндегі комиссия мүшелерінің, медициналық, техникалық қызметкерлерінің және қызмет көрсететін адамдардың бұл міндеттерді атқару уақытында жұмыс орны, атқарған қызметі және орташа айлығы сақталады.

4. "Алға аудандық орталық ауруханасы" МКҚК (С.Тәженов) Алға ауданы Қорғаныс істері бөліміне:

1) бекітілген құрамға сәйкес тіркелетіндерге медициналық куәлік беру, жүргізу үшін дәрігер-мамандарды;

2) медициналық комиссия жұмысы үшін қажетті медициналық мүліктерді, құралдарды және дәрі-дәрмектерді;

3) дәрігер мамандардың резервтегі құрамын бөлсін.

5. Меншік түріне қарамастан кәсіпорын, мекеме, ұйым және оқу орындарының басшылары:

1) тіркеуге жататын азаматтарға хабар беру, оларды аудандық шақыру пунктіне шақыру және олардың бұл шақыру бойынша дер кезінде келуін қамтамасыз етсін;

2) шақыруға дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындауға қажетті олардың жұмыс (оқу) орындарындағы (стипендия) айлығын сақтай отырып, жұмыстан (оқудан) босатсын.

6. "Алға аудандық білім бөлімі" ММ (М.Тулеев), Алға ауданы Қорғаныс істері бөлімімен (С.Кусмамбетов) бірлесе отырып, Алға ауданының мектептерінде оқитын барлық 1994 жылы туылған жасөспірімдерді толық тіркеуге алуды бақылауды жүзеге асырсын. Тіркеу кезінде анықталған орта білімі жоқ жасөспірімдерді кейіннен күндізгі және сырттай жалпы білім беру мектептерінде оқытатындай етіп есепке алсын.

7. Алға аудандық ішкі істер бөліміне (Н.Өрісбаев) тіркеуді жүргізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін полиция қызметкері бөлінсін.

8. Алға аудандық әділет басқармасы (Б.Суентаев), Алға аудандық сотына (И.Ерназаров) меншік түріне қарамастан органдар мен ұйымдар Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 18 бабында қарастырылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

9. Селолық округтертердің әкімдері Алға ауданы Қорғаныс істері бөлімінің талабы бойынша шақырылған жастарға, әскери пунктіне шақырылғандығын хабарлау және олардың уақытында келуін қамтамасыз етсін.

10. "Алға аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Г.Ахметова) азаматтардың шақыру учаскесіне тіркеу жұмысына байланысты шығындарды жергілікті бюджеттен қаралған қаржы мөлшерінде қаражат бөлу жүктелсін.

11. Алға ауданы қорғаныс істері бөлімінің бастығы (С.Кусмамбетов) азаматтардың әскери шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз етудің шараларын алсын. Осы жұмыстың қорытындысы туралы 2011 жылдың 30 наурызына дейін аудан әкіміне хабарласын.

12. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алға ауданы әкімінің орынбасары Н.Ағниязовқа және Алға ауданы Қорғаныс істері бөлімінің бастығы С.Кусмамбетовке жүктелсін.

13. Алға ауданы әкімінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 5 "Алға ауданы Қорғаныс істері бөлімінің шақыру учаскесіне 1993 жылы туылған ер азаматтарды тіркеуге алу жұмысын жүргізу туралы" шешімінің күші жойылсын деп танылсын.

14. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК